



Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 қараша N 1599. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1999.02.23. N 156 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті бекітілсін (қоса беріліп отыр).
 2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы"
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1050 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 қарашадағы
N 1599 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің РЕГЛАМЕНТИ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атқарушылық билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады.
2. Үкіметтің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы

Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығымен, осы Регламентпен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен р е т т е л е д і .

3. Премьер-Министр мен Үкіметтің қызметін ақпараттық-талдаулық, құқықтық, консультативтік және ұйымдастыруышылық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі (бұдан әрі - Кеңсе) жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс қағаздарын жүргізу және Үкіметке келіп түскен хат-хабарларды өндедеу Кеңсеге жүктеледі және Кеңсе айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Соттарды Үкімет пен Премьер-Министрді білдіруді және олардың мұдделерін қорғауды сондай-ақ прокурорлық жауап беру актілерін қарауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P 9 8 0 6 7 6 _

6. Үкіметтің құзыретіне кіретін кадр мәселелерін шешу Республиканың заңдарында белгіленетін тәртібіне сәйкес жүзеге асырады.

II. Жұмыстарды жоспарлау

7. Үкіметтің мәжілістерінде қарауға арналған мәселелердің тоқсан сайынғы тізбесін Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдар басшыларының ұсынысы бойынша кезекті тоқсанға дейін бір ай бұрын Кеңсе жасайды. Үкіметтің мәжілістерінде қаралатын мәселелердің тізбесі Республика Премьер-Министрінің өкімімен бекітіледі.

Қаралатын мәселелердің бекітілген тізбесі тізім бойынша Үкімет мүшелеріне, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне, Кеңсе мен бөлімдердің басшыларына, басқа да мемлекеттік органдар мен Ұйымдарға жіберіледі.

Жоспарланған мәселені тізбеден алып тастау немесе оны қарауды негұрлым кейінрек мерзімге ауыстыру туралы шешімді мемлекеттік органның бірінші басшысы не Кеңсенің басшысы ұсынатын анықтаманың негізінде, Кеңсе басшысы Республиканың Премьер-Министрінің келісуімен қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P 9 8 0 6 7 6 _

III. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерін дайындаудың және оларды өткізуіндегі тәртібі

8. Үкіметтің мәжілісі кемінде айына бір рет өткізіледі.

9. Үкіметтің мәжілісін Республиканың Премьер-Министрі не Президенті шақырады.

10. Үкіметтің мәжілістерінде Премьер-Министр, ал ол болмаған кезде - міндеттердің бөлінуіне сәйкес Премьер-Министрді алмастырушы Премьер-Министрдің орынбасары төрағалық етеді. Үкімет аса маңызды мәселелерді қараған кезде оның мәжілістерінде Республиканың Президенті төрағалық етеді.

11. Үкіметтің мәжілісі, егер оған Үкімет мүшелерінің кемінде ұштен екісі қатысса, құқықтық күші бар деп есептеледі. Үкімет мүшелері оның мәжілістеріне алмастыру құқығының қатысады.

12. Үкіметтің мәжілісі ашық болып табылады. Республика Президентінің не Премьер-Министрінің бастамашылығы бойынша жабық мәжіліс өткізуі мүмкін.

13. Мәселелерді Үкіметтің мәжілісінде қараудың нәтижелері бойынша мәжіліске қатысуышы Үкімет мүшелерінің көпшілік даусымен, хаттамалық шешім қабылданады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P 9 8 0 6 7 6 _

14. Үкіметтің мәжілістеріне, сондай-ақ облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары, Премьер-Министр Кеңесінің қызметкерлері, Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының ұсынуы бойынша Премьер-Министрмен келісілген тізім шақырылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P 9 8 0 6 7 6 _

15. Үкіметтің мәжілістеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Бірінші көмекшісі, Президент Әкімшілігінің Басшысы және оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері. Президент әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және басқа да жауапты қызметкерлері қатыса алады.

16. Үкіметтің мәжілісінде қаралатын мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен дайындалған материалдарды, лауазымды тұлғалар, олар қаралуы тиіс мәжіліске дейінгі бес күннен кешіктірмей енгізеді. Кеңсе мәжілістің күн тәртібінің жобасын жасайды және Премьер-Министрмен де оны алмастырушы адаммен келісілгеннен кейін, оны және мәселелерді қарау жөніндегі

материалдарды Үкімет мүшелеріне және шақырылған адамдарға, ал қажет болған жағдайда - басқа да лауазымды тұлғаларға жолдайды.

Материалдардың уақытылы ұсынылуы үшін жауаптылық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

Мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде материалдарды ұсынбаған жағдайда, Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы жол берілген тәртіп бұзушылықтар туралы Премьер-Министрге немесе оны алмастыруши адамға баяндайды.

Үкіметтің шұғыл мәжілісін өткізу кезінде қаралатын мәселелер бойынша материалдар Премьер-Министрдің Кеңесіне, ол өткізілетін күні енгізіле алады.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P 9 8 0 6 7 6 -

17. Үкіметтің мәжілісіне мәселелер дайындаған кезде мынадай талаптарды сақтау қажет:

Үкіметтің мәжілісіне енгізілетін анықтамаларға, талдау материалдарына, хаттамалық шешімдердің жобаларына құжатты енгізуші мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын, қолы мемлекеттік органның ресми позициясы болып табылатын адам, мүдделі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не оларды алмастыруши адамдар және Кеңсенің Басшысы виза қояды;

Хаттамалық шешімнің жобасы мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыруши адам қол қойған ілеспе хатпен енгізіледі;

жоба мен анықтама әдетте екі алшақтық арқылы басылған 5 бет мәтіннен аспауды тиіс;

әрбір мәселе бойынша жоба мен анықтаманың бірдей тақырыбы болуы тиіс;

Үкіметтің мәжілісіне енгізілетін материалдарға қажет болған кезде қосымша ақпараттық мәлімет қоса беріледі;

талқыланатын мәселелер бойынша мәжіліске шақырылғандардың тізімін анықтауды және нақтылауды мәжілістен үш күн бұрын Кеңсемен келісім бойынша мәселені енгізген мемлекеттік орган жүзеге асырады. Шақырылғандардың келуін Кенсе қамтамасыз етеді;

облыс әкімдерін, ұйымдардың басшыларын Үкіметтің мәжілісіне шақыруды Кенсе жүргізеді;

Үкіметтің мәжілістерінде Президенттің төрағалығымен қаралған жобалар, сондай-ақ қабылданған шешімдер оларға қол қояр алдында Президенттің Әкімшілігімен алдын ала келісуге жатады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P980676_

18.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ алынып тасталды - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен.

P980676_

19. Үкіметтің мәжілісі мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі.

20. Үкіметтің мәжілістерінде оған қатысып отырған лауазымды тұлғалар, талқыланатын мәселелердің атауы, баяндамашылар мен талқылау кезінде сөйлегендердің фамилиялары көрсетілетін хаттама жүргізіледі. қажет болған кезде мәжілістерге қаралған мәселелер магнитофон таспасына (диктофонға) жазылады.

Хаттама бес күндік мерзімде ресімделеді, оған Кеңсенің Басшысы виза және мәжіліске төрағалық етуші қол қояды.

Үкімет мәжілістерінің хаттамаларына күнтізбелік жылға реттік нөмірлер беріледі.Хаттамалар немесе олардың үзінділері Үкімет мүшелеріне, ал қажет болған кезде басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ мәжіліске тиісті тапсырма берілген мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Үкімет мәжілістерінің хаттамалары қажеттілігінің аяқталуы бойынша жергілікті жерлерде акті бойынша жойылады.

Үкімет мәжілістерінің хаттамалары (түпнұсқалары), сондай-ақ оларға материалдар (оның ішінде диктофондық жазбалар) Кеңседе сақталады.

2 1 .

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ алынып тасталды - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676

**IV. Мемлекеттік органдардың бастамашылығы бойынша
енгізілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен
Премьер-Министрі өкімдерінің жобаларын дайындаудың
және ресімдеудің тәртібі**

22. Жобаларды дайындауды мемлекеттік органдар осы Регламентке және Үкімет бекіткен Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады. Республика Үкіметінің қаулылары мен Премьер-Министрі өкімдерінің жобалары мұдделі мемлекеттік органдармен келісілген, бірінші басшылар немесе оларды алмастыруши адамдар қол қойған мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады. "Ескертпелерімен" келісулер болған кезде жобаға қажетті түсіндірмелермен бірге келіспеушілік туралы анықтама қоса беріледі. Үкіметтің қаулысының жобасын әзірлеуге қатысушы мемлекеттік органдардың арасында келіспеушілік пайда болған кезде Қенсенің Басшысы не оның орынбасары, нәтижесі хаттамамен ресімделетін кеңес шақырады. Келіспеушілік жойылған жағдайда мемлекеттік орган белгіленген мерзімде қаулының жобасын пысықтайды және оны қол қоюға ұсынады. Талқыланған мәселе бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Қенсенің басшысы түпкілікті шешім қабылдау үшін ол туралы Премьер-Министрге оны алмастыруши адамға хабарлайды. Үкімет қаулысының жобаларын немесе Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын әзірлеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның басшысы олардың Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес болуы үшін жауап береді.

Орталық атқарушы органдар олардың құзыретіне қатысты мәселелер жөнінде бірлескен бұйрықпен ресімделетін бірлескен шешім қабылдауға құқылы.

Шешуі - бір мемлекеттік органның құзыретінің шегіндегі немесе осы тармақтың екінші абзацына сәйкес шешілуі мүмкін мәселелер бойынша Үкіметтің қаулыларының және Премьер-Министрдің өкімдерінің жобалары ұсынылмайды.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жобаларды сапалы және уақтылы әзірлеу және белгіленген мерзімдерде Үкіметтің бекітуіне ұсыну үшін жеке жауптылықта болады.

ж о б а л а р м і н д е т т і т ү р д е :

белгілі бір жобаны қабылдаудың экономикалық түрғыда мақсатқа сай екенін негіздеу бойынша - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен;

белгілі бір жобаның қаржылық түрғыда мақсатқа сай екенін негіздеу бойынша - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен;

енгізіліп отырған жобаның республика заңдарына сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізу үшін - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісіледі.

Үкімет пен Премьер-Министр актілері жобаларының мемлекеттік тілден орыс тіліне аудармасының дәл болуы үшін жауапкершілік-әзірлеушіге, ал жобалардың құқықтық сәйкестігі үшін жауапкершілік Әділет министрлігіне жүктеледі.

Мемлекеттік органдар Үкімет пен Премьер-Министр актілерінің жобаларымен бірге қолданылып жүрген заңдарды қабылданатын актілерге сәйкес келтіру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын енгізеді. Егер актілердің жобалары заңдарды осы актілерге сәйкес келтіруді талап етпесе, онда бұл туралы ақпарат жобалардың түсіндірме жазбасында көрсетіледі.

Жобаны дайындаған мемлекеттік органдар оны бір уақытта мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жолдай алады.

Әрбір мемлекеттік органмен келісу мерзімі жоба келіп түскен сәттен бастап жеті **жұмыс күнінен аспайды**.

Әділет министрлігі қолданылып жүрген заңдарды Қазақстан Республикасының Президенті бастамашалық жасаған және қабылдайтын, Үкіметті заңдарды осы актіге сәйкес келтіру жөніндегі тапсырманы орындаушы деп белгілейтін актіге сәйкес келтіруді көздейтін, нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу жөніндегі мемлекеттік органды (мемлекеттік органдарды) жауапты орындаушы (жауапты орындаушылар) етіп белгілеу жөнінде Үкіметке ұсыныс енгізеді. Ұсыныс Президенттің актісі күшіне енген күннен бастап үш **кундік мерзім ішінде енгізіледі**.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРУ-нің
1998.07.17. N 676 қаулысымен. Р980676_

23. Енгізілетін актінің жобасына аталған актіні қабылдаудың қажеттілігінің негізdemесі, оны қабылдаудың әлеуметтік-экономикалық салдары, оны жүзеге асыруға байланысты болжалып отырған қаржы шығындары, сондай-ақ осы мәселе бойынша Үкіметтің бұрын қандай актілері қабылданғандығы және олардың қалай атқарылғандығы туралы мәліметтер бар анықтама қоса беріледі.

көлемі екі параптан асатын Үкімет шешімдері жобаларының және олардың қосымшаларының әр бетіне жобаны енгізетін мемлекеттік органның осы мәселеге жауапты орындаушысының қолы қойылуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ толықтырылды - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676
қаулысымен. Р980676_

24. Мемлекеттік органдар әзірлеген жобалар сараптық қорытынды

дайындалатын Премьер-Министрдің Кеңсесіне енгізіледі.

Сараптама жүргізудің мерзімі жоба Премьер-Министрдің Кеңсесіне тұскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Премьер-Министрдің Кеңсесі сараптама жүргізгеннен кейін мынадай:

- 1) жобаның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеуі;
- 2) осы Регламенттің талаптарын бұза отырып ұсынылуы жағдайларында жобаны қайта рұфа құқылы;

3) сараптамадан өткеннен кейін жобалар Премьер-Министрдің орынбасарларымен олардың құзыреттерінің шегінде, Премьер-Министр мен оның орынбасарларының арасында белгіленген міндет бөлуге сәйкес келісілді.

Жобалар Үкіметке енгізілгеннен кейін Премьер-Министр орынбасарларының мазмұндық сипаттағы ескертулері пайда болған кезде Премьер-Министрдің орынбасарлары қажет болған жағдайда кеңес шақырады, оның нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Премьер-Министрдің жобаны қарайтын орынбасарлары, Премьер-Министрдің Кеңсесі жобаны қарау барысында пайда болған ескертулер мен ұсыныстарды хаттамалық шешіммен ресімделгенде ғана (кеңес өткізілген жағдайда) немесе жазбаша тапсырмамен ғана жобаларды пысықтауға қайтаруға құқылы.

Басқа да себептер бойынша теріс сараптық қорытынды жобаны қайтару үшін негіз ғола алмайды.

Жобаны қайтарған жағдайда Премьер-Министрдің Кеңсесі Кеңсенің басшысы қол қоятын негізді хат дайындейді.

Осы Регламенттің талаптарын бұза отырып енгізілген жобаларды қабылдап алғаны үшін Премьер-Министрдің Кеңсесі жауаптылықта болады.

Жоба Кеңседе сараптамадан өткеннен кейін Кеңсенің басшысы шешім қабылдау үшін Республиканың Премьер-Министріне не оны алмастыруышы адамға хабарлайды.

Қажет болған кезде жобаны Премьер-Министр не оны алмастыруышы адам пысықтау және (немесе) қосымша келісу үшін тиісті мемлекеттік органға жолдауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен. P980676_

25. Үкіметтің қаулысы мен Премьер-Министрдің өкіміне Премьер-Министр қол қояды. Премьер-Министр болмаған жағдайда, оның тапсырмасы бойынша, оларға Премьер-Министрдің бірінші орынбасары қол қояды.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен. P980676_

26. Қол қойылған Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерінің

қосымшаларымен бірге Кеңсе жөнелтеді. Шешімнің түпнұсқасына қол қойылғаннан кейін түзету енгізуге болмайды.

Құжаттардың уақтылы шығарылуы және жөнелтілуі үшін Кеңсе жауаптылықта б о л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен. Р 9 8 0 6 7 6 _

27. Қажет болған жағдайларда Үкімет қаулыларының, Премьер-Министр өкімдерінің қосымша даналары Кеңсе Басшысының рұқсатымен ғана беріледі.

28. Техникалық қателер кезінде Үкіметтің қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерінің бұрын жіберілген даналарын ауыстыру Кеңсе Басшысының рұқсатымен ғана жүргізу мүмкін, бұл жағдайда бастапқы жіберілген құжаттар Кеңсеге кері қайтарылып алынуы тиіс.

V. Республика Үкіметі енгізетін Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің жобаларын дайындау

29. Үкімет енгізетін, Республика Президенті актілерінің жобаларын дайындауды Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 қантардағы N 2751 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде іс жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа және осы Регламентке сәйкес тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асыра ды .

Президент актілерінің жобалары Үкіметтің қаулысымен енгізіледі.

30. Республика Президенті актілерінің жобалары мен Үкімет қаулыларының жобаларына оны дайындау үшін жауапты мемлекеттік органдың бірінші басшысы, тиісті Үкімет мүшелері, Кеңсенің басшысы, Премьер-Министр виза қоядай .

Қазақстан Республикасының Президенті актісінің жобасы туралы Үкіметтің қаулысына Республиканың Премьер-Министрі немесе оны алмастырушы адам қол қойған ілеспе жазба қоса беріледі.

VI. Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының жоспары мен Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының жоспарына енгізілген заң жобаларын дайындаудың тәртібі

31. Үкіметтің заң жобалары жұмыстары жоспарының жобасы мемлекеттік органдардың ұсыныстарының негізінде қалыптастырылады және Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіппен Әділет министрлігі Үкіметке ұсынады .

Тиісті жылға арналған Заң жобалары жұмыстарының жоспарын Қазақстан

Республикасының Президентімен келісу "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламенттік Мажілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 маусымдағы N 3044 U963044_ Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Мемлекеттік органдар заң жобалары жұмыстарының жоспарына сүйене отырып, белгіленген мерзімдерде мемлекеттік және орыс тілдерінде заң жобаларын әзірлейді және Республика Үкіметіне ұсынады.

Заң жобаларын сапалы, уақтылы әзірлеу және ұсыну үшін тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жеке жауаптылықта болады.

33. Зандардың жобалары Республика Үкіметінің қарауына мұдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін Үкіметтің қаулысының жобасымен бірге енгізіледі.

Көрсетілген жобаларды ресімдеудің және енгізуіндің, сондай-ақ олар бойынша келіспеушіліктерді қараудың тәртібі - Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің Регламентінде және осы Регламентте көзделген ерекшеліктермен бірге, үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіпке ұқсас.

Зандардың жобалары Кенседе сараптамадан өткеннен кейін Кенсенің Басшысы шешім қабылдау үшін Премьер-Министрге хабарлайды.

Қажет болған кезде зандардың жобалары заң жобасын ұсынған мемлекеттік органға пысықтауға қайтарылады.

34. Үкімет Республика Парламентінің Мажілісіне енгізетін зандардың жобаларын Президенттің Әкімшілігімен келісу "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мажілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 маусымдағы N 3044 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады.

Республика Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған, сондай-ақ мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды арттыруды көздейтін заң жобалары бойынша Парламентке қорытынды ұсынады.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және басқа да мұдделі мемлекеттік органдарға қорытындыға жіберіледі.

Қорытындыға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі не оның орынбасары қол қояды және ол Парламент Палаталарының Төрағасына жолданады.

35. Үкіметтің қарауына ұсынылатын мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалатын заң жобасы жөніндегі материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) заң жобасы және Үкіметтің жоба жөніндегі қаулысы;
- 2) жобаны қабылдау қажеттігінің негізdemесі, қабылданатын заңдардың мақсаттарының, міндеттерінің, негізгі ережелері мен болжалып отырған салдарлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы бар түсіндірме жазба;
- 3) мұдделі мемлекеттік органдармен келісу парагы;
- 4) егер тәуелсіз немесе ғылыми сараптама жүргізілген болса, жоба бойынша сараптық қорытындылар;
- 5) негізгі жобаның қабылдануына байланысты өзгерілуге немесе күші жойылған деп танылуға тиісті заң актілерінің жобалары және жобаны іске асыру үшін қажетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу туралы ұсыныстар мен олардың тізбесі;
- 6) егер заң жобасы шығыстарды талап ететін болса қаржыландыру көзі көрсетілсе отырып, қаржылық-экономикалық есептер;
- 7) қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актінің жобасы енгізілген кезде баптардың бұрынғы және жаңа редакцияларының салыстырма кестесі ұсынылады;
- 8) белгіленген нысандағы анықтама парап.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамашылығы бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілетін заң жобалары бойынша түсіндірме жазбаны заң жобасын әзірлеген мемлекеттік орган дайындауды, оған оның бірінші басшысы не оны алмастырушы адам, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қоғамдық міністерлік органдар мен Премьер-Министр не оны алмастырушы адам қол қояды.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгерілді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676 қаулысымен. Р 9 8 0 6 7 6 _

VII. Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін жариялаудың тәртібі

36. Үкіметтің азаматтардың құқықтарына, бостандығына және міндеттеріне қатысты барлық актілері міндетті жариялануға жатады.

Озге қол қойылған құжаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешімді Премьер-Министр мен оның орынбасарлары қабылдайды.

37. Мемлекеттік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны білдіретін

мәліметтері бар актілер жариялануға жатпайды.

38. Үкіметтің қаулылары Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерінің жинағында, сондай-ақ "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Зан", "Юридическая газета" газеттерінде, езге де баспасөз органдарында жарияланады және теледидар мен радио бойынша халыққа жеткізіледі.

ЕСКЕРТУ. 38-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1998.07.17. N 676
қаулысымен. Р 9 8 0 6 7 6 _

VIII. Атқаруды бақылау мен тексеруді ұйымдастырудың тәртібі

Президент актілерінің, Үкімет шешімдерінің және халықаралық келісімдердің атқарылуына бақылау жасау туралы

39. Республика Президентінің актілері, Республика Үкіметінің шешімдері және Премьер-Министрінің өкімдері бақылауға алынады.

40. Республика Президенті актілерінің, Үкіметі шешімдерінің, Премьер-Министрі өкімдерінің уақытылы және сапалы атқарылуы үшін жауаптылық оларға атқарылуға жіберілген мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

41. Президент актілерінің атқарылуы үшін жауапты мемлекеттік органдар З күндік мерзім ішінде оларды жүзеге асыру жөніндегі ұйымдастыру шараларының тізбесін жасайды және оны Премьер-Министрдің бекітуіне ұсынады.

42. Бақылаудағы құжаттың атқарылуының нақты мерзімдері болмаған кезде мемлекеттік органға атқарудың құжат келіп түскен күннен бастап есептелетін бір айлық мерзімі белгіленеді.

43. Премьер-Министрдің Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі актілерінің, Премьер-Министрі өкімдерінің атқарылу мерзіміне бақылау жасау жөніндегі қызметтің ақпараттық-талдаулық қамтамасыз етуді Премьер-Министрге олардың орындалуы барысы туралы жүйелі түрде хабарлап отыратын Премьер-Министрдің Кеңесі жүзеге асырады.

Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы Үкіметтің іс-қимыл жоспары және тиісті жылға арналған Зан жобалары жұмыстарының жоспары жөніндегі шараларды орындалуы туралы Премьер-Министрге ай сайын хабарлап отырады.

44. Бақылаудағы құжаттың атқарылу мерзімін мемлекеттік орган басшысының белгіленген тәртіппен енгізілген жазбаша өтінішінің негізінде Премьер-Министр немесе оның орынбасарлары ұзартуы мүмкін.

Президенттің Үкіметке қатысты актілерін бақылаудан алу және олардың атқарылу мерзімдерін ұзарту мәселелерін Президенттің Әкімшілігі қарайды.

45. Құжат тиісті мемлекеттік органдардың белгіленген тәртіппен енгізілген негізді хаты бойынша Премьер-Министрдің немесе оның орынбасарларының қарапымен бақылаудан алынаады.

46. Мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдердегі тапсырмалар бақылаудан Үкіметтің қаулыларында қамтылған тапсырмалар сияқты тәртіппен алынаады.

Президенттің, Премьер-Министр мен оның
орынбасарларының және Премьер-Министрдің Кеңесі
Басшысының тапсырмалары бар құжаттардың атқарылуына
бақылау жасау туралы

47. Президенттің, Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының тапсырмаларының атқарылуына бақылау жасау және оны атқару тапсырылған мемлекеттік органға жүктеледі.

Тапсырмаларда, әдетте, құжаттардың атқарылу мерзімдері белгіленеді. Олар болмаған жағдайларда атқарудың құжат түскен күннен бастап есептелетін бір айлық мерзімі, ал "шұғыл" деген белгі болған кезде - атқарушы оны алған күннен бастап он күндік мерзім белгіленеді.

Егер құжат белгіленген мерзімде орындала алмайтын болса, атқарушы жазбаша түрде кешіктірілуінің себептері туралы хабарлауы және оны кейінге қалдыру туралы сұрауын дәлелдеуі тиіс.

48. Тапсырманы атқаруды бақылаудан алу не оны кейінге қалдыру туралы шешім қабылдау тиісінше Қазақстан Республикасы Президенттің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Президенттің Әкімшілігі Басшысының рұқсатымен жузеге асырылады.

49. Кеңсе Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне Президенттің, Премьер-Министрдің тапсырмаларының орындалу барысы туралы жүйелі түрде хабарлап отырады, Премьер-Министрдің олардың атқарылуына бақылау жасау жөніндегі қызметтің қамтамасыз етеді.

50. Премьер-Министр Кеңесінің басшысы Үкімет шешімдерін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бөлігінде бақылауға алынатын тапсырма береді.

51. Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының және Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының тапсырмалары бойынша белгіленген мерзімдерде енгізілген материалдар жазбаша өтінішсіз бақылаудан алу үшін

н е г i з

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК